

Оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және оқу

белсенділігін арттыруға бағытталған

«8 МИНУТТЫҚ ОҚУ» ЖОБАСЫ

“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында № 29 орта мектеп мектебінде күн сайын “8 минуттық оқу” жобасы басталады. I ауысым үшін 07:50

8 минут көлемінде көркем әдебиет кітабын оқудан бастайды.

ЖОБАНЫҢ МИССИЯСЫ: білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыра отырып, танымдық көзқарасын кеңейту.

- **ЖОБАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ.**
- Білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру;
- Танымдық көзқарасты кеңейту үшін жоспарлы түрде кітап оқуды дамыту;
- Кітап оқу мәдениетін, дағдысын қалыптастыру;
- 8 минуттық кітап оқу дағдысын күнделікті оқу процесіне енгізу.

Жүзеге асыру механизмі


8

«8 минуттық оқу» жобасы Астана қаласының жалпы білім беретін мектептерінде жүзеге асырылады. Жобаның ережесіне сәйкес күнделікті әр ауысымның бірінші сабағы 8 (сегіз) минуттық көркем әдебиет кітабын оқудан басталуы тиіс. Әр педагог сабақтың алдында оқушыларға көркем әдебиет кітабын оқуды ұсынады, сегіз минут өткен соң, барлық оқушылар кітаптарын жауып екі минут тынығып алып, мұғалім сабақты бастайды.

Мысалы: 8.30 басталса, сағат 8.20 кітап оқу, 2 минуттық үзіліс

Оқуға ұсынылған кітап қағаз түрінде, ол көркем әдебиет кітабы.

Айына бір рет (әр айдың екінші аптасында) ата-анасымен бірге кітап оқулары жүргізіледі және оқыған кітаптарының нәтижелерін қорытындылау мақсатында әр айдың соңғы жетісінде Readx форматындағы іс-шара өткізіледі.





Оқушылар:

сыныпта тыныштық орнатып,
кітапты жеке оқуларыңыз
көзделеді. Әр оқушы өзінің
жеке оқу техникасын
пысықтауы керек



Педагогтер:

мұғалімге сегіз минуттық
оқу кезінде педагогикалық-
психологиялық кітаптарды
оқуына кеңес беріледі

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕСІ

**Оқушылардың сөйлеу мәдениеті дамиды,
ойын еркін жеткізеді;
Оқыған кітабының мәтінін талдап үйренеді,
зерделейді;**

Кітап оқу дағдысы қалыптасады;

**8 минуттық кітап оқу дағдысын күнделікті
оқу-тәрбие процесіне енеді.**

